

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамында  
инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуді ішкі бақылаудың,  
оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты  
заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қағидалары

<p>«Фридом Финанс» АҚ 2014 жылғы 3 шілдедегі № 4.2.111/218 Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия (инвестициялық портфельді басқару қызметі, оның ішінде қызметтің мынадай кіші түрі: ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет; номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет)</p>	<p>Код: 17</p>	<p>Редакция: 02</p>	<p>Бет саны: 15</p>
<p>Қолданысқа енгізілді: 2017 ж. 3 мамырдан бастап</p>			

**Мақұлданды**  
**Басқарманың шешімімен**  
**2017 жылғы 2 мамырдағы №05/02-1 хаттама**

**Бекітілді**  
**Директорлар кеңесінде**  
**2017 жылғы «3» мамырдағы №05/03 хаттама**

**«ФРИДОМ ФИНАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ  
ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ, ОНЫ АШЫП КӨРСЕТУ ТӘРТІБІНІҢ ЖӘНЕ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ ЗАҢСЫЗ  
ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

№ п/п	Өзгерістер, толықтырулар енгізілетін тармақтардың нөмірлері	Хаттаманың №, бекітілген күні	жауапты адамның қолы
1	Құжаттың жалпы редакциясы		

<i>Дзірледі аты-жөні</i>	Басқарма Төрағасының орынбасары К.А. Жусупова	<i>Келісілді аты-жөні</i>	Басқарма Төрағасы Р.Д. Миникеев
			Басқарма Төрағасының орынбасары А. Т. Қизатов
			Басқарма Төрағасының орынбасары Е. О. Лер
			Атқарушы директор С.В. Гришин
			Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры А. Умиральева
			Заң департаментінің директоры А.М. Абраимов
<i>Күні 2017 ж. 28 сәуір</i>			

**Алматы, 2017**

## 1. Жалпы ереже

1. «Фридом Финанс» акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді ішкі бақылаудың, оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі - ҚР), ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі - уәкілетті орган немесе ҚР ҰБ), «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына, Қоғамның ішкі құжаттарына (бұдан әрі - ІНҚ) сәйкес «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі - БҚР туралы заң) 56-1 - бабын, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі - АҚ туралы заң) талаптарын іске асыру мақсатында әзірленді және Қоғамның қызметіне қатысты ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ инсайдерлікке қатысты ақпараттың тізбесін, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату талаптарын; инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдардың тізімін жүргізу, өзекті күйде ұстау тәртібін, өзге де ережелерді айқындайды.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) Қоғамның басқару және бақылау органдары:

- жоғары басқару органы - Жалғыз акционер;
- басқару органы - Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган - Басқарма.

2) Лауазымды адамдар - Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның Басқарма мүшелері.

3) Инсайдер - инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын адам.

4) Инсайдерлік ақпарат - бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы, коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат.

5) Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау - бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленгеннен жоғары немесе төмен бағалы қағаздарға бағаларды белгілеуге және/немесе ұстап тұруға, бағалы қағаздармен сауданың көрінуін жасауға және/немесе инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәміле жасауға бағытталған әрекеттері.

6) Инсайдерлердің тізімі - Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын адамдардың тізімі, аталған тізімді жүргізуді Қоғам жүзеге асырады.

7) Корпоративтік веб-сайт - Қоғам қызметі туралы ресми ақпаратты орналастыру үшін пайдаланатын [www.almaty-ffin.kz](http://www.almaty-ffin.kz) интернет-ресурс (веб-сайт)

8) Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары - сауда-саттықты ұйымдастырушының директорлар кеңесі бекіткен және уәкілетті органмен келісілген, қор биржасының сауда жүйесінде немесе бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының баға белгілеу ұйымының баға белгілеу жүйесінде айналысқа жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің қызметін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы мен оның мүшелері (клиенттері) арасында туындайтын қатынастарды реттейтін сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаты.

3. БҚР туралы заңның 44-бабына сәйкес:

1) Қоғам және оның қызметкерлері өз клиенттеріне қызмет көрсету барысында бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді және инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың алдын алуға мүмкіндік беретін талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2) Қоғам мен оның қызметкерлері бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді және инсайдерлік ақпаратты пайдалануға және табиғи баға белгілеудің бұзылуына және бағалы қағаздар нарығының тұрақсыздануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол беруге құқылы емес.

3) Қоғамның ішкі құжаттары бағалы қағаздар нарығында (бұдан әрі - БҚР) коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің және инсайдерлік ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету және оларды Қоғамның, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың өз мүдделеріне пайдалануға жол бермейтін талаптарын қамтиды.

4. Қоғам осы Қағидаларды Қоғамның [www.almaty-ffin.kz](http://www.almaty-ffin.kz) корпоративтік веб-сайтында немесе Қоғамның инсайдерлері деп танылған адамдар көруге болатын жерде мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде орналастыра алады, сондай-ақ осы адамдарға олардың сұратуы бойынша беріледі.

5. Қоғамның Заң департаменті ҚР заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарының Қоғамда сақталуын және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

## 2. Инсайдерлік ақпарат, оны ашып көрсету тәртібі мен мерзімдері

1. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету оны Қоғамның [www.almaty-ffin.kz](http://www.almaty-ffin.kz) интернет-ресурсында орналастыру және/немесе кемінде он бес мың дана тиражбен шығарылатын және ҚР барлық аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары - бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық қолжетімділікте мемлекеттік және / немесе орыс тілдерінде жариялау арқылы жүзеге асырылады.

2. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету БҚР туралы заңның 56-1-бабында, осы Қағидаларда және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және талаптарда жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, Қоғам инсайдерлік ақпаратты ресми түрде ашып көрсеткенге дейін инсайдерлер мұндай ақпаратқа қатысты конфиденциалдылық режимін сақтауға міндетті.

3. Заңның 102-бабының 2-тармағында көрсетілген Қоғамның қызметіндегі оның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат ҚР бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - ҚЕД) интернет - ресурсында орналастырылады және мұндай өзгерістер пайда болған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

4. Тізбесі АҚ туралы заңның 79-бабының 1-тармағында айқындалған Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат АҚ туралы заңның 79-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімдерде ҚЕД интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Қоғамның бағалы қағаздары сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген кезде, Қоғам және Қоғамның инсайдерлер тізіміне (бұдан әрі - Инсайдерлердің тізімі) енгізілген адамдар Қоғам және олардың шығарылған (ұсынылған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың ашып көрсетілуін осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) жасалатын сауда-саттық басталғанға дейін сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларында белгіленген тәртіппен және талаптарда қамтамасыз етеді, аталған ақпараттың ашып көрсетілуі бағалы қағаздар құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер етеді.

6. Шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген бағалы қағаздар айналысқа түскен кезде, инсайдерлік ақпарат мынадай тәсілдердің бірімен ашып көрсетілуге тиіс:

1) тізімдеріне Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына адамдардың кең ауқымы арасында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуді көздейтін хабарлар бір мезгілде жіберіледі, содан кейін тізбесі осы Қағидаларда айқындалған өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (таратылады);

2) ҚР аумағында жұмыс істейтін қор биржасының атына адамдардың кең ауқымы арасында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуді көздейтін хабарламалар жіберіледі, содан кейін тізімдерінде Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген және тізбесін Қоғам Басқармасы бекітуі мүмкін өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе ресми интернет-ресурстарда орналастырылатын (таратылатын) шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының атына жіберіледі.

7. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету үшін пайдаланылатын БАҚ тізбесіне Қағидалардың осы бөлімінің 1-тармағында көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын және мыналар:

1) бұқаралық ақпарат құралының атауы;

2) баспа басылымының мерзімділігі;

3) интернет-ресурстарды пайдалану мекенжайлары;

4) кез келген мүдделі тұлғаларға БАҚ-қа қол жеткізуге мүмкіндік беретін ол туралы өзге де мәліметтер туралы мәліметтерді қамтитын басылымдар енгізіледі.

Бұл тізбе мыналарды: Қазақстанская правда, Егемен Қазақстан, Экспресс К, Литер және т.б. қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

8. Қоғам Қағидалардың көшірмелерін дайындауға арналған шығыстардың мөлшерінен аспайтын мөлшерде оларды бергені үшін төлемді қоспағанда, осы Қағидалармен танысуға ақы алынбай еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

9. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету Қағидалардың осы бөлімінің 4-тармағында көрсетілген тізбеге кіретін осындай БАҚ-та жүзеге асырылады.

10. ҚР заңнамалық актілерінде немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларында айқындалмаған инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету мерзімдері осы Қағидаларда белгіленеді.

Инсайдерлік ақпаратты осы Қағидаларда белгіленген бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру (жариялау) арқылы ашып көрсету кезінде инсайдерлік ақпаратты бұқаралық ақпарат құралында бірінші рет орналастырған (жариялаған) күн инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетілген күні болып есептеледі.

11. Инсайдерлердің тізімі Уәкілетті органның талап етуі бойынша оған Қоғамның инсайдерлік

ақпаратына қол жеткізе алатын адамдар туралы ақпаратты, мынадай:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса - әкесінің аты), туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) Инсайдерлердің тізіміне енгізудің негізі;
- 4) Инсайдерлердің тізіміне енгізу үшін негіздеменің туындаған күні;
- 5) Инсайдерлердің тізімінен шығарылған күні туралы ақпаратты көрсете отырып, талапта көрсетілген мерзімдерде беріледі.

12. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына БҚР туралы ҚР заңының 102-бабының 2-тармағында көрсетілген Қоғам қызметіндегі Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын өзгерістер туралы ақпарат, сондай-ақ тізбесі АҚ туралы заңның 79-бабының 1-тармағында айқындалған Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат және Қоғамның Директорлар кеңесінің инсайдерлік шешімімен айқындалған өзге де ақпарат жатады (1-қосымша).

13. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар:

1) инвестициялық шешімдер қабылдау және/немесе қаржы құралдармен операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілген бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралының) (бұдан әрі - қаржы құрал (-дар) ы) құнына, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, көпшілікке қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дереккөзі белгісіз, адамдардың кең ауқымы арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланатын қызметіне қатысты болжамдар жатпайды.

14. Осы Қағидалардың 3-бөлімі 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін бұл адамдардың:

- қаржы құралдары бойынша KASE-де маркет-мейкер міндеттерін орындау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға (KASE-де маркет-мейкер мәртебесін алған күннен бастап);

- KASE-де маркет-мейкердің міндеттерін орындау кезінде қаржы құралдары бойынша инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

- KASE-де маркет-мейкердің міндеттерін орындау кезінде инсайдерлік ақпаратқа негізделген қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы үшінші тұлғаларға ұсынымдар беруге құқығы жоқ.

15. Қоғамның инсайдерлік ақпараты ресми түрде ашып көрсетілгеннен кейін, егер ҚР қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, оны пайдалануға және ашуға қатысты осы Қағидаларда белгіленген шектеулер өз қолданысын тоқтатады.

### **3. Инсайдерлер, Инсайдерлердің тізімі**

1. БҚР туралы заңның нормаларына сәйкес мынадай тұлғалар:

1) өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қоғамның қызметкерлері;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын иеленуге, пайдалануға және/(немесе тікелей немесе жанама түрде билік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдар;

3) талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделген, жасалған шарттарға (оның ішінде ауызша) сәйкес Қоғамға қызметтер көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар және басқа да адамдар;

4) егер Қоғам шығарған (ұсынған) қаржы құралдары сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген жағдайда-осы сауда-саттықты ұйымдастырушы;

5) айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен мәмілелерді тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын сауда жүйесінде KASE Директорлар кеңесінің, листингтік комиссияның және KASE сараптама комитетінің мүшелері;

6) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша берілген функцияларға байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын мемлекеттік қызметшілер;

7) мүшелері Қоғам және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділігі бар ұйымдар болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдардың қызметкерлері;

9) Қағидалардың осы тармағының 1)-8) тармақшаларында көрсетілген адамдардан инсайдерлік

ақпарат алған адамдар Қоғамның инсайдерлері болып танылады.

#### **4. Инсайдерлердің тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау тәртібі**

1. Инсайдерлерді есепке алу мақсатында Қоғамда Инсайдерлердің тізімін жүргізу ұйымдастырылды (2-қосымша, 3-қосымша). Инсайдерлердің тізімін Қоғамның Заң департаментінің қызметкері жүргізеді.

2. Қоғам Инсайдерлердің тізіміне Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тармағының 1) -4) тармақшаларында көрсетілген адамдарды қосады.

3. Қоғамның Заң департаментінің жауапты қызметкері Инсайдерлердің тізімін тоқсан сайын мынадай:

1) меншікті ақпарат;

2) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан алынған мәліметтер;

3) Қоғам қызметкерлерінің алған мәліметтері негізінде жасайды.

4. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дәйектілігіне, сондай-ақ оны беру мерзімдерінің сақталуына және оны өзекті күйде ұстауға (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) дербес жауаптылықта болады.

5. Осы Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тармағы 1), 3) тармақшасында көрсетілген адамдар бойынша ақпарат Қоғамның Инсайдерлер тізімін жүргізуді жүзеге асыратын Қоғамның Заң департаментінің қызметкеріне беріледі не құрылымдық бөлімшелердің басшылары немесе қоғам қызметкерлері бұған дейін берілген ақпараттың өзектілігін:

1) бірінші рет - Инсайдерлердің тізіміне енгізілген күннен бастап 1 ай ішінде;

2) кейіннен - әрбір есепті кезеңнің (тоқсанның немесе айдың) бірінші күнінен кешіктірмей;

3) Инсайдерлердің тізімі өзгерген кезде, өзгерту үшін негіз туындаған күнге растайды.

6. Алынған ақпараттың негізінде:

1) Қоғамның Инсайдерлер тізімін жүргізуді жүзеге асыратын қоғамның Заң департаментінің қызметкері әрбір жаңа тоқсанның немесе айдың бірінші жұмыс күніне Инсайдерлердің бірыңғай тізімін жасайды;

2) Инсайдерлердің тізімі басқарманың бекітуіне шығарылады (қажет болған жағдайда тоқсан сайын).

7. Қоғамның Инсайдерлер тізімін жүргізуді жүзеге асыратын қоғамның Заң департаментінің қызметкері:

1) Қоғам Инсайдерлерінің тізімін жүргізеді және өзекті күйде ұстайды;

2) Осы Қағидалардың 3-бөлімінде, 1-тармағында, 1), 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға оларды Инсайдерлердің тізіміне (тізімнен) енгізу (алып тастау) туралы хабарламалар дайындайды, сондай-ақ осы Қағидалардың 5-бөліміне сәйкес осы хабарламалардың тиісінше жіберілуін бақылайды;

3) көрсетілген адамдарды БҚР туралы заңның және осы Қағидалардың инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану бөлігінде талаптары туралы хабардар етеді;

4) Инсайдерлердің тізімін Уәкілетті органға оның талап етуі бойынша ұсынады.

8. Инсайдерлердің тізімі адамның Инсайдерлердің тізіміне енгізілген күні және негіздеме туралы мәліметтер, сондай-ақ адамның Инсайдерлердің тізімінен шығарылған күні туралы мәліметтер (адамды Инсайдерлердің тізімінен шығару кезінде) қамтылуға тиіс.

9. Инсайдерлердің тізіміне енгізілген адамдар туралы мәліметтер Инсайдерлердің тізімін жүргізуді жүзеге асыратын Заң департаментінің қызметкері тиісті өзгерістердің басталғаны туралы нақты хабардар етілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде өзгертілуіне тиіс.

10. Инсайдерлердің тізіміне енгізілуіне жататын адам Қоғам осындай адамнан мынадай деректерді алғаннан кейін оған енгізіледі:

заңды тұлғалардан:

толық атауы;

заңды тұлғаның тіркеген күні мен нөмірі, нақты орналасқан жері.

жеке тұлғалардан:

тегі, аты, әкесінің аты;

туған жылы;

лауазымы;

қызметіне кіріскен күні.

#### **5. Адамдарды Инсайдерлердің тізіміне енгізу, оларды Инсайдерлердің тізімінен шығару туралы хабардар етудің тәртібі мен мерзімдері**

1. Қоғам Қағидалардың 3-бөлімі 1-тармағының 1) - 4) тармақшасында көрсетілген адамдарды Инсайдерлердің тізіміне енгізілгені (Инсайдерлердің тізімінен шығарылғаны) туралы мынадай тәртіппен хабардар етеді:

1) Қоғам Инсайдерлерінің тізімін жүргізуді жүзеге асыратын Қоғам қызметкері Қағидалардың 3-бөлімінің

1-тармағы 2), 4) тармақшасында көрсетілген адамдарды хабардар етеді;

2) бөлімшелердің басшылары Инсайдерлердің тізіміне енгізілген өз бөлімшелерінің қызметкерлерін, сондай - ақ Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарды тиісті шарт жасауға бастама жасаушыға байланысты хабардар етеді.

2. Хабарламалар мұндай адамдар Инсайдерлердің тізіміне енгізілген (Инсайдерлердің тізімінен шығарылған) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Хабарламалар Инсайдерлердің тізіміне енгізілген /шығарылған адамдардың электрондық поштасы (электрондық мекенжайларына) арқылы жіберілуі мүмкін.

3. Егер Қоғам мен осындай адамдардың арасында конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім жасалмаса, Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тармағы 1) -4) тармақшаларында көрсетілген адамдар Инсайдерлердің тізіміне қосуға негіз пайда болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі (сайлау, тағайындау, акцияларды сатып алу, шарт жасау және т. б.) және алып тастау үшін негіз туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей алып тасталады (өкілеттіктерді тоқтату, акцияларды сату, шартты тоқтату және т.б.). Мұндай келісім болған жағдайда аталған адамдар конфиденциалдылық туралы келісімде көрсетілген Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қатысты конфиденциалдылықты сақтау жөніндегі міндеттемелердің мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей алып тасталады. Аталған ақпаратты Қоғамның жауапты бөлімшелері Қоғамның Инсайдерлер тізімін жүргізуді жүзеге асыратын Қоғамның Заң департаменті қызметкерінің назарына жеткізеді.

## **6. Қоғамға, Қоғамның Инсайдерлері болып табылатын ұйымдарға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері**

6.1. Қағидалардың 3-бөлімі 1-тармағының 2)-4) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар:

1) оларға қатысты осы заңды тұлғалар инсайдерлер деп танылған өз қызметкерлерінің (оның ішінде лауазымды тұлғаларының) тізімін жүргізуге;

2) өз қызметкерлерін (оның ішінде лауазымды адамдарды) Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптары туралы хабардар етуге, сондай-ақ өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері (оның ішінде лауазымды адамдар) туралы Қоғамды хабардар етуге;

3) осындай қызметкерлермен (оның ішінде лауазымды адамдармен) қызметкерлер қол жеткізе алатын инсайдерлік ақпаратқа қатысты конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімдер жасауға міндетті. Бұл ретте, мұндай келісімде қызметкерлер Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашып көрсеткен соңғы күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл ішінде Қоғамның өзі ашып көрсеткен инсайдерлік ақпаратына қатысты конфиденциалдылықты сақтауы тиіс (оның ішінде жұмыстан босатылған жағдайда);

6.2. Қағидалардың 3-бөлімі 1-тармағының 2)-4) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар Қоғамды:

1) қызметкерлерге (оның ішінде лауазымды адамдарға) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін қызметкерлер туралы Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу берілген күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей және қызметкерлердің өздері - оларға Инсайдерлердің мәртебесін беру туралы, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптары туралы;

2) қызметкерлердің (оның ішінде лауазымды адамдардың) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуі тоқтатылған (жойылған) күнге дейін (оның ішінде өкілеттігі тоқтатылған/тоқтатылған жағдайда) осындай қызметкерлердің Қоғамның инсайдерлік ақпаратына, сондай-ақ Қоғам мен жұмыскерлерге қол жеткізуін тоқтату (күшін жою) туралы 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей қызметкерлер үшін Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қатысты конфиденциалдылықты сақтау жөніндегі міндеттемелердің мерзімі осындай қызметкерге Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашудың соңғы күнінен бастап 5 (бес) жыл өткен соң аяқталатын күн туралы;

3) қызметкерлердің (оның ішінде лауазымды адамдардың) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қатысты конфиденциалдылықты сақтау жөніндегі, жоғарыда көрсетілген мерзімнің өтуі туралы міндеттемелерінің мерзімі аяқталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей және өз қызметкерлерінің (оның ішінде бұрынғы қызметкерлерінің) инсайдерлер мәртебесінің күшін жою туралы жазбаша хабардар етеді.

6.3. Қағидалардың 3-бөлімі 1-тармағының 2)-4) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптарын сақтағаны үшін, оның ішінде Қоғамды және өз қызметкерлерін (лауазымды адамдарды қоса алғанда) қызметкерлердің (лауазымды адамдарды қоса алғанда) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуін беру және/немесе олардың қол жеткізуін тоқтату (күшін жою) туралы уақтылы хабардар еткені үшін дербес жауаптылықта болады.

## **7. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ішкі бақылау қағидалары**

1. Инсайдерлерге:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) ҚР заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге тыйым салынады.

2. Егер ҚР заңнамасына сәйкес Қоғамның корпоративтік сайтынан басқа, инсайдерлік ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралында жариялау талап етілсе, оны бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясына, бас редакторға, журналистке және оның өзге де қызметкеріне жариялау үшін инсайдерлік ақпаратты беруге тыйым салынбайды.

3. Директорлар кеңесінің мүшелері, Ішкі аудит департаментінің қызметкерлері, Қоғамның төрағасы мен Басқарма мүшелері инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқылы.

4. Осы Қағидалардың 3-бөлімінде көрсетілмеген инсайдерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның ІНҚ-да, Қоғаммен еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттарда тікелей көзделген міндеттерді орындау үшін қажетті инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар.

5. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар адамдар ҚР заңнамасында және осы Қағидаларда көзделген тыйымдар мен талаптарды сақтауға міндетті.

6. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алмайтын, бірақ көрсетілген ақпаратты алған кез келген адам ҚР заңнамасында және осы Қағидаларда көзделген мынадай тыйымдар мен талаптарды сақтауға.

7. Қоғам инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған барлық қажетті әрекеттерді, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей жасай алады:

1) Қоғам қызметкерлеріне, Қоғамның лауазымды адамдарына, сондай-ақ азаматтық-құқықтық не еңбек қатынастарына байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өзге де адамдарға Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығын беруге (құқығынан айыруға және құқығын шектеуге);

2) адамдардың инсайдерлік ақпаратқа қатысты құжаттарға рұқсат беру құқықтарын шектеуге;

3) инсайдерлік ақпарат тасымалдағыштарды айқындауға және осындай тасымалдағыштарды пайдаланудың айрықша қағидаларын белгілеуге;

4) инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмайтын және байланыс арналары (электрондық пошта мен Интернетті қоса алғанда) бойынша инсайдерлік ақпараттың айналысын шектейтін бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету құралдарын пайдалануға;

5) Қоғамның инсайдерлік ақпаратының өтінішін қалыптастыруға және есепке алуға және адамдарды инсайдерлік ақпаратқа жіберу фактілерін (Инсайдерлердің тізімі) тіркеуге;

6) ашып көрсетілуге жатпайтын, қоғамда сақтауға жатпайтын инсайдерлік ақпараты бар тасымалдағыштарды жоюға міндетті.

## **8. Қорытынды ереже**

1. Осы Қағидаларда реттелмеген барлық жағдайда Қоғам ҚР заңнамасын, Жарғыны және Қоғамның ІНҚ-ын басшылыққа алады.

2. Егер ҚР заңнамасындағы өзгерістер нәтижесінде осы Қағидалардың жекелеген нормалары ҚР заңнамасына қайшы келсе, онда олар Қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген сәтке дейін де күшін жояды және Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады.

Бұл ретте, Қағидалардың жекелеген нормаларының күшін жоғалту жалпы алғанда осы «Фридом Финанс» акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді ішкі бақылаудың, оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу Қағидаларының жоғалуына не жарамсыздығына әкеп соқпайды.

3. Осы Қағида Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен, 2013 жылғы 9 желтоқсандағы №12/09 хаттамамен бекітілген «Фридом Финанс» акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді ішкі бақылаудың, оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қағидаларының» орнына енгізіледі және 2017 жылғы 3 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы «Фридом Финанс» акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді ішкі бақылаудың, оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қағидаларына» барлық өзгерістер мен толықтыруларды «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі бекітеді.

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамында  
инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуді ішкі бақылаудың,  
оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты  
заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қағидалары

**Басқарма Төрағасы**

**Р.Д. Миникеев**

### **«Фридом Финанс» акционерлік қоғамының инсайдерлік ақпаратының тізбесі**

1. Мынадай корпоративтік оқиғалар туралы инсайдерлік ақпаратқа төмендегілер жатады:
  - ақпараты Жалғыз акционердің және/немесе Директорлар кеңесінің мүшелерінің назарына жеткізілуі тиіс мәселелер тізбесі бойынша Қоғамның Жалғыз акционері және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдері;
  - Қоғамның акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және Уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, сондай-ақ Уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;
  - Қоғамның ірі мәмілелер мен жасауға мүдделілігі бар мәмілелер жасауы;
  - Қоғам активтерінің 25 және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
  - Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 25 және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;
  - қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия алу, қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға қоғам бұрын алған лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату;
  - Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
  - Қоғамның мүлкіне тыйым салу;
  - баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;
  - Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
  - сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
  - Қоғамды мәжбүрлеп қайта құру туралы шешім;
  - Қоғамның Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.
2. Қоғамның қызметіндегі бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат деп танылады:
  - Қоғам органдары құрамының өзгергені;
  - Қоғам акционерлері (қатысушыларының) құрамының өзгергені;
  - Қоғамның қайта ұйымдастырылғаны немесе таратылғаны;
  - Қоғам мүлкіне тыйым салынғаны;
  - Қоғам активтерінің 25 және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) берілгені;
  - Қоғам лицензиясының алынғаны, тоқтата тұрғаны немесе одан айырылғаны;
  - Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері;
  - Қоғам әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) 10 және одан да көп пайызына ие ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;
  - Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне өзгерістер;
  - Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісінде көзделген талаптарды Қоғамның сақтамауы туралы ақпарат;
3. Қоғам инсайдерлік деп танитын өзге де ақпарат:
  - Директорлар кеңесі отырысының шақыртылғаны және өткізілгені туралы, оның ішінде Директорлар кеңесінің отырысына қатысатын адамдардың күн тәртібі, өткізілген күні, тізімінің жасалған күні туралы;

- Қоғамды бақылайтын ұйымның қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімнің қабылданғаны туралы;
- Қоғамда ҚР заңнамасында көзделген дәрменсіздік (банкроттық) белгілерінің пайда болғаны туралы;
- Қоғамның пікірінше, қанағаттандырылуы Қоғамның қаржылық-шаруашылық жағдайына елеулі түрде әсер етуі мүмкін талап қоюдың алдындағы есепті кезеңнің (тоқсанның, жылдың) аяқталу күніне талаптардың мөлшері активтердің баланстық құнының 10 және одан да көп пайызын құрайтын қоғамға талап қою туралы;
- ашып көрсетілу KASE сайтында және қаржылық есептілік депозитарийінде көзделген Қоғамның қаржылық есептілігі - аталған ұйымдардың сайттарында ашылғанға дейін.

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамында  
инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуді ішкі бақылаудың,  
оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты  
заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қағидалары

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамында  
инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді ішкі  
бақылаудың, оны ашып көрсету тәртібінің  
және инсайдерлік ақпаратты заңсыз  
пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу  
қағидаларына 2-қосымша

**«Фридом Финанс» акционерлік қоғамының  
инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуі бар инсайдерлерінің тізімі**

№ п/п	жеке тұлғаның аты-жөні / заңды тұлғаның атауы	Туған күні/заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың орналасқан жері/ деректемелері	Инсайдерле рдің тізіміне енгізудің негізі	Инсайдерлердің тізіміне енгізудің негізі туындаған күні	Инсайдерле рдің тізімінен шығарылған күні	Ескертпе
1						
2.						

## **Инсайдерлік ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме-хат**

Мен

Мен «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) инсайдерімін және инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе аламын, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді ішкі бақылау қағидаларына, оны ашып көрсету тәртібіне және Қоғамда инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеуге сәйкес Қоғамның Инсайдерлердің тізіміне енгізілдім.

Инсайдер ретінде менің:

- 1) Бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелерді жүргізу туралы ұсынымдар беруге құқығым жоқ.

Иеленетін немесе болашақта иеленетін инсайдерлік ақпарат қатаң конфиденциалдылық болып табылады. Мен уәкілетті емес адамдарды инсайдерлік ақпаратқа жол бермеу бойынша барлық қолжетімді тиімді шараларды қабылдауым тиіс.

Жоғарыда көрсетілген шектеулер сақталмаған, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылуым мүмкін, сондай-ақ маған қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес тәртіптік жазаларды қолдануға болады.

Осы хатқа қол қою арқылы мен инсайдерлерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жоғарыда көрсетілген шектеулердің қабылданғанын, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жария етпеу және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны және таратқаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санкциялармен танысу туралы жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың қабылданғанын растаймын.

аты-жөні

қолы

күні



«Фридом Финанс» акционерлік қоғамында  
инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуді ішкі бақылаудың,  
оны ашып көрсету тәртібінің және инсайдерлік ақпаратты  
заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қағидалары

---

*аты-жөні*

---

*қолы*

---

*күні*

---

*аты-жөні*

---

*қолы*

---

*күні*

---

*аты-жөні*

---

*қолы*

---

*күні*

---

*аты-жөні*

---

*қолы*

---

*күні*